

«БЕКІТЕМІН»
«Қызылорда облысы
бойынша Дене
шынықтыру және спорт
басқармасы»
ММ Басшысы

С.Мұстафаев

« » 2017 ж.

«БЕКІТЕМІН»
«Қазақстандық шахмат
федерациясы»
РҚБ Атқарушы
директоры

И. Грищенко

« » 2017 ж.

«КЕЛІСІЛДІ»
«Қызылорда облыстық
шахмат федерациясы»
ҚБ Президенті

М. Есенов

« » 2017 ж.

**«Аралбай Махамбетов Мемориалы»
атты шахматтан Қазақстан Республикасы
балалар кубогының 1 кезеңін өткізу
регламенті**

1. Мақсаттар мен міндеттер

Жарыстар:

- Қазақстан Республикасында шахматты бұқаралық спортқа айналдыру;
- Аралбай Избасарұлы Махамбетовты еске алу және есімін ұрпақтар есінде қалдыру;
- салауатты өмір салтын насихаттау;
- Қызылорда облысы балалар және жасөспірімдер арасындағы шахмат спортын дамыту;
- шеберлік деңгейін арттыру;
- Қазақстан Республикасы 2017 жылғы Балалар кубогының финалына қатысу үшін үміткерлерді іріктеу;

2. Өткізу мерзімі мен орны

Жарыстар Қызылорда қаласы 2017 жылдың 20-мамыр (келу күні) және 26-мамыр аралығында «Нұрсәт» теннис орталығының ғимаратында Ш.Есенов көшесі, 2Б үй, мекен-жайы бойынша өткізіледі.

3. Жарыстарды өткізуге басшылық

3.1 Жарыстарды өткізу жауапкершілігі Қазақстан шахмат федерациясы, Қызылорда облысының туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасы және Қызылорда облыстық шахмат федерациясына жүктеледі.

3.2 Турнирдің директоры – Махамбетов Сәкен Аралбайұлы.

3.3 Бас төреші – Шәкенов Ержан Жақсылықұлы, ФИДЕ арбитрі.

4. Жарыстарды өткізу тәртібі мен қатысушылар

4.1 «Аралбай Махамбетов Мемориалы» 5 негізгі турнирден тұрады:

- ФИДЕ рейтингінің есептеуімен өткізілетін блиц-турнирі (жас шектеулерінсіз, 2 дәрежеден төмен емес);
- «А» турнирі – ФИДЕ рейтингін есептеуімен опен-турнирі (жас шектеулерінсіз, 1 дәрежеден төмен емес);

- «В» турнирі – Қазақстан Республикасы шахматтан 14 жасқа дейінгі Балалар кубогының 1-кезеңі (2003 жылы туылған және одан төмен жастағы балалар, 3 дәрежеден төмен емес);
- «С» турнирі – Қазақстан Республикасы шахматтан 10 жасқа дейінгі Балалар кубогының 1-кезеңі (2007 жылы туылған және одан төмен жастағы балалар, 4 дәрежеден төмен емес);
- «D» турнирі – командалық турнир.

Команда 4 спортшыдан (2 ұл + 2 қыз) –келесі жас категориялары бойынша құралады: (2009 жылы туылған және одан да төмен жастағы балалар; 2007-2008 жылы туылған; 2005-2006 жылы туылған; 2003-2004 жылы туылған балалар). Бір ұлды бір қызға алмастыруға болады. Команда құрамасы бір облыстың ойыншыларынан құралады. Ресми командалық турнирге әрбір облыстан және республикалық маңызы бар қалалардан бір командадан қатысады. Қызылорда облысынан 3 команда қатыса алады.

4.2 Барлық турнирлер ФИДЕ ережелері бойынша 9 турдан швейцариялық жүйемен өткізіледі.

4.3 Мемориал бағдарламасы аясында қосымша шахматтық іс-шаралар өткізу (блиц-турнир, ҚР жетекші гроссмейстерлердің қатысуымен өткізілетін шеберлік класы).

4.4 Жеребе тастау Swiss Manager бағдарламасын қолдану арқылы жүргізіледі.

4.5 Уақытты бақылау:

- электрондық сағатты пайдаланғанда әрбір жасалған қадам үшін 30 секунд қоса отырып 90 минут;
- механикалық сағатты пайдаланғанда уақытты қоспай 120 минут.

4.6 Турлардың кестесі:

А, В, С турнирлері	
20 мамыр	Қатысушылардың келу күні 10 ⁰⁰ -16 ⁰⁰ – қатысушыларды тіркеу; 16 ³⁰ – жарыстардың салтанатты ашылуы; 17 ⁰⁰ – блиц-турнир
21 мамыр	1 тур – 10 ⁰⁰ 2 тур – 16 ⁰⁰
22 мамыр	3 тур – 10 ⁰⁰
23 мамыр	4 тур – 10 ⁰⁰ 5 тур – 16 ⁰⁰
24 мамыр	6 тур – 10 ⁰⁰ 7 тур – 16 ⁰⁰
25 мамыр	8 тур – 10 ⁰⁰
26 мамыр	9 тур – 10 ⁰⁰ 16 ⁰⁰ – жарыстардың салтанатты жабылуы

5. Турнир жарналары

Кестедегі турнирлер бойынша мемориалға қатысуға төменде көрсетілген талаптарға сай спортшылар жіберіледі.

№	Турнирдің атауы	Турнир жарнасы	
		ЭЛО	сомасы, тг
1	Блиц-турнирі	ІМ және одан жоғары барлық қалаушылар	жарнасыз 2000
2	«А» турнирі	ІМ және одан жоғары	жарнасыз

		≥ 2100 2099 және төмен	жарнасыз 3000
3	«В» турнирі	-	2000
4	«С» турнирі	-	2000

Ескерту: А, В, С турнирлері және блиц-турниріне белгіленген дәрежеден төмен спортшылардың қатысуы турнирді ұйымдастыру комитетінің келісімі бойынша ғана рұқсат етіледі.

Турнир жарналары ұйымдастыру шараларына жұмсалады.

6. Жеңімпаздарды анықтау. Марапаттау

6.1 Жарыстардың жеңімпаздары барлық партиялар бойынша жинаған ең көп ұпай саны бойынша анықталады.

Ұпайлар тең болған жағдайда:

- жеке кездесу (егер үлестің барлық қатысушылары бір-бірімен ойнаса);
- Бухгольц коэффициенті;
- жеңістің санының көптігі негізінде кезең-кезеңмен шешіледі

6.2 Командалық есептегі жарыстың жеңімпаздары команданың барлық мүшелерінн жинаған ең көп ұпай жиынтығы бойынша анықталады.

Ұпай сандары бірдей болған жағдайда, жеңімпаздар команданың барлық қатысушыларының жинаған ең аз ұпай жиынтығы бойынша анықталады.

6.3 «А» турнирінде және блиц-турнирде 350 000 теңге сомасында кепілдендірілген жүлде қоры белгіленген. Ұйымдастырушылардың шешімі бойынша Жүлде қоры ұлғайтылуы мүмкін.

«А» турнирі, негізгі жүлделер, тг	
1 орын	80 000
2 орын	50 000
3 орын	30 000
4 орын	10 000
Барлығы	170 000

«А» турнирі, қосымша жүлделер	
Номинация	Сомасы, тг
- әйелдер арасындағы үздік көрсеткіш	10 000
- ардагерлер арасындағы үздік көрсеткіш, 1957 ж/т және жасы одан да жоғары	10 000
- Қызылорда облысының шахматшылары арасындағы үздік көрсеткіш	10 000
Барлығы:	30 000

Блиц-турнир, негізгі жүлделер, тг	
1 орын	50 000
2 орын	30 000
3 орын	20 000
Барлығы	100 000

Блиц-турнир, қосымша жүлделер

Номинациясы	Сомасы, тг
- әйелдер арасындағы үздік нәтиже	10 000
- ардагерлер арасындағы үздік нәтиже, 1957 ж/т және жасы одан да жоғары	10 000
- Қызылорда облысының үздік шахматшысы	10 000
- жасөспірімдер арасындағы үздік нәтиже 2001 ж/т және жасы одан да төмен	10 000
- қыздар арасындағы үздік нәтиже 2001 ж/т және жасы одан да төмен	10 000
Барлығы:	50 000

6.4 Барлық қаржылай жүлделерге Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес салық салынады.

6.5 «А» турниріндегі және блиц-турнирдегі жүлделер бөлінбейді.

6.6 «В» және «С» турнирлерінің жеңімпаздары мен жүлде иегерлері (1-5 орындар) бағалы сыйлықтармен марапатталады.

Сондай-ақ, мынадай қосымша жүлделер белгіленген:

«В» турнирі

- 2005 жылы туылған және жасы одан да төмен ұлдар арасындағы үздік нәтиже;
- 2003 жылы туылған және жасы одан да төмен қыздар арасындағы үздік нәтиже;
- 2005 жылы туылған және жасы одан да төмен қыздар арасындағы үздік нәтиже.

«С» турнирі

- 2009 жылы туылған және жасы одан да төмен ұлдар арасындағы үздік нәтиже;
- 2007 жылы туылған және жасы одан да төмен қыздар арасындағы үздік нәтиже;
- 2009 жылы туылған және жасы одан да төмен қыздар арасындағы үздік нәтиже.

6.7 Жүлделі орынға ие болған барлық қатысушылар турнирдің дипломымен марапатталады.

6.8 Жүлделі үштікке енген спортшылар медальдармен марапатталады.

6.9 Командалық есептің жеңімпазы мен жүлдегерлері Кубокпен марапатталады.

6.10 Бірнеше номинацияда орын алған спортшы үлкен жүлде ғана алады. Егер жүлделер дәрежесі тең болған жағдайда, негізгі жүлдеге басымдық беріледі.

6.11 «В» және «С» турнирінің қатысушылары Қазақстан Республикасы Классикалық шахмат бойынша балалар кубогының регламентіне сәйкес есептік ұпай алады.

7. Жарыстарды өткізу шығындары

7.1 Қазақстан шахмат федерациясы жарысты өткізуге мынадай шығындарды жұмсайды:

- 300 000 теңге көлемінде жүлде қорын қамтамасыз ету;
- төрешілер алқасының еңбекақысын жартылай төлеу.

7.2 Қызылорда облысының туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасы жарыстарды өткізу бойынша:

- ойын бөлмелерін жалға алу шығындарын жұмсайды.

7.3 Қызылорда облыстық Шахмат федерациясы және ұйымдастырушылар жарыстарды өткізу үшін төмендегі жағдайларды қамтамасыз етеді:

- демеушілік қаражат есебінен жүлде қорын ұлғайту;

- әр облыстан және республикалық маңызы бар қалалар – Астана және Алматыдан келген бір команданың (негізгі қатысушылары - 4 спортшы + 1 жаттықтырушының) жатқын орны және тамақтануымен байланысты шығындарды көтеру. Негізгі қатысушылардың қатысуымен байланысты басқа да шығындарға іссапарға жіберетін ұйымдар жауапты болады.

Мемориалдың басқа қатысушыларының барлық шығындарына іссапарға жіберетін ұйымдар жауапты болады.

8. Өтініштерді қабылдау және қосымша ақпарат

8.1 Алдын-ала өтініштер белгіленген формада (Қосымша А) 2017 жылдың 15 мамырына дейін **kyzylordaopen@mail.ru** электрондық поштасына қабылданады.

8.2 Ұйымдастыру комитеті белгіленген күннен кешіктіріп берген қатысушылардың өтініштерін қабылдамау құқығын өзіне қалдырады.

8.3 Байланыс телефондары:

Шакенов Ержан Жаксылықұлы
бас төреші

+7 771 111 77 17

Шимельков Василий Владимирович
бас төрешінің орынбасары

+7 705 976 77 33

Нурекеева Айман Батырханқызы
өтініштерді қабылдау, қатысушыларды орналастыруға
жауапты тұлға

+7 747 940 20 40
kyzylordaopen@mail.ru
aimana.n@mail.ru